



БҰЙРЫҚ

№ 149
02.04.2026
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ _____
Город Астана

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының» 2-тарауына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа № 1 қосымшаға сәйкес ҚР ДСМ «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК-да (бұдан әрі – Кәсіпорын) қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жұмыс тобы құрылсын.

2. Жұмыс тобы мынадай бағыттар бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізсін:

1) құрылымдық бөлімшелердің қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) құрылымдық бөлімшелердің ұйымдық-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

3. Осы бұйрыққа №2 қосымшаға сәйкес 2025 жылға арналған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кестесі бекітілсін.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен қамтылатын кезең 2025 жылғы 01 қазаннан бастап 2026 жылғы 30 маусым аралығы.

8. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Official stamp of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, dated 10.09.2018, with a signature.

Б. АЙТМОЛДИН